

Ақтөбе облысының энергетикалық қуатын дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 13 наурыздағы N 319

Ақтөбе облысының тұтынушыларын энергиямен тұрақты қамтамасыз ету, Жаңажол мұнай-газ кен орнының жолай өтетін газын пайдалану есебінен оның энергия көздерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақтөбе облысы әкімінің және "EREM Systems, Ltd (АҚШ)" компаниясының Ақтөбе облысында Жаңажол мұнай-газ кен орнының жолай өтетін газын пайдалана отырып қуаттылығы 150 МВт болатын энергетикалық қуаттылықтар құрылысын салу ұсынысы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Жаңажол мұнай-газ кен орнының жолай өтетін газын қуаттылығы 150 МВт іске қосылатын газ құбырлы электр станциясына пайдалану үшін оны өндіру жөніндегі шығынның көлемінен аспайтын баға бойынша сатуды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Ақтөбе облысының әкіміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі